

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ
Педагогика ғылымының магистрі, аға оқытушы Ахметова Жадыра
Ораховна
Магистрант Төреханова Таңшолпан Мұратқызы

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан

Резюме

Дистанционное обучение это высокотехнологичный продукт научно-технологической революции, широко использующий маркетинговые подходы к предоставлению образовательных услуг, средства и виды обучения, основанные на компьютерных и телекоммуникационных технологиях. Дистанционное обучение рассматривается как компьютерные и обучающие технологии в интернете и современные технологии являются связующим звеном между студентами и преподавателями, которые разделяют тысячи километров.

Summary

Distance learning is a high-tech product of the scientific and technological revolution, widely using marketing approaches to the provision of educational services, means and types of training based on computer and telecommunication technologies. Distance learning is considered as computer and educational technologies on the Internet and modern technologies are a link between students and teachers who are separated by thousands of kilometers.

XXI ғасыр телекоммуникация құралдары мен жедел ақпарат құралдарының дәуірі. Ғаламда болып жатқан жедел ақпараттың үздіксіз еселеніп өсіп отыру салдары білім мен технологияның қарқынды дамыуына әсер етіп, жаңа ғасыр адамзат баласынан қашанда білім деңгейін жетілдіріп, кәсіби қызыметіндегі біліктілігін арттырып, қажет болса заман талабына сай жаңа мамандықтарды ашуды және оны игеруді талап етіп отыр. Дүние жүзінде белең алып жатқан күрделі жағдайға байланысты Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 16-наурызынан бастап елімізде халқымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республика аумағында төтенше жағдай енгізді. Осы орайда еліміздегі барлық білім ордалары мектеп оқушыларынан бастап жоғарғы оқу орындарына дейін жаппай қашықтықтан білім алуға көшті. Алдымен «Қашықтықтан оқыту» дегеніміз не деген мәселеге тоқталсақ және қашықтықтан оқытуға қаншалықты дайынбыз? Қашықтықтан оқыту дегеніміз – ақпараттық құралдармен, ғылымға негізделген тәсілдер арқылы білім арудың формасы және білім алушының оқуға және ақпарат алуға деген құқығымен білім беру жүйесіндегі нысандардың, білім беруші мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Оқытушының білім алушымен оқыту құралдары арқылы интерактивтік қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін ол жаңа ақпараттық педагогикалық технология. Яғни қашықтықтан білім беру жүйесі білімгермен педагог оқытушының жанама (қашықтықтан) немесе толық емес жанама телекоммуникациялық, ақпараттық құралдарды өзара байланыстыра отырып оқыту. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі №169 бұйрығымен бекітілген «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру Ережесі» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 4 маусымдағы №266 бұйрығымен бекітілген

«Қашықтықтан оқыту технологиялаоы бойынша оқытуды ұйымдастыру» стандартына негізделеді. Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың үш түрлі формасы бар:

1. Онлайн (синхрондық) режимдегі оқыту дегеніміз –ақпараттық технологиялар және интернет ресурстарының көмегімен сүйене отырып арнайы бекітілген уақытта белгілі бір қашықтықта(алыстан) педагогті цифырлы экраннан көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

2.Оффлайн (асинхрондық) режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) педагог пен білім алушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін формасы.

3.Кең таралған формалардың бірі Вебинар яғни интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренингтер өткізу формасы.

Дәл қазыргі қиын кезеңде педагогтің сан алуан, күрделі мәселелерді жүзеге асыруда атқарар рөлі орасан, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі .Олар жан-жақты білімді болу, ғаламда болып жатқан өзгерерістерден тыс қалмау үшін, әрдайым ауқымды желіге қосыла отырып, қажетті ақпарат негіздерін іздеп жан-жақты қарастыруға дағдыланып, оны қажеттілініге сай жүзеге асырып отруды үйренуі тиіс. Оған ұзақ және қысқа мерзімді оқу жоспарын дайындап, қашықтықтан білім беру жүйесімен сәйкестендіре бейімдейді, оқу кезеңінің барысын қадағалап, тапсырмалар орындалуын, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Білім беру, оқу орындарында қашықтықтан оқыту жүйесі қазыргі таңда қарықындап дамуда.Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін педагог оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық ақпарат жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу жұмысын орындау шарт.Қашықтықтан оқыту компанеттері, әдістемелік тәсілдер білім алуды мейлінше тиімді әрі ыңғайлы етуге тиіс. Басқа оқыту жүйелерімен салыстырғанда бұл аса маңызды, пайдалы оқыту жүйесі болып табылпды. Сонымен қатар демократиялық оқыту жүйесіне жатқызыға болады, өйткені кез-келген білім алушы осы жүйенің арқасында салыстырмалы түрде аз ғана матиралды жұмсау арқылы мамандық алып, біліктілігін көтере алады, өз білімін жаңа білім орталықтарымен талықтырады.Мұндағы қашықтықтан оқытудың артықшылығы мынада: -кез келген жерде, кез-келген қашықтықта, кез-келген мерзімде оқуға мүмкіндік береді.

-кәсіби қызмет ете отырып білім алуға болады.

-технологиялардың, ақпараттық құралдардың жаңа жетістіктерін пайдалана отырып, білімгерлер мен оқытушылар арасындағы белсенді сұхбат, оқу ақпаратына мүмкіндік береді.

-білім алушының мекен-жайына, ден-саулық жағдайына және материалдық жағдайына қарамастан тепе-тең дәрежеде білім алуға мүмкіндік береді.

Әлемнің қай түпкірінде болса да ақпаратты ауқымды желі болғандықтан, өз бетінше білім алуға мүмкіндік беретін, ізденуді талап ететін ерекше жүйе «Қашықтықтан білім алу » жүйесі. Білім беру процесіне қатысушылардың интерактивті әрекетіне қашық кері әсер етеді деген сенім қате болып табылады. Кейбір жағдайлард тиімді десекте қателеспейміз, себебі ол әр білімгердің әрқайсысының мүмкіндігін ескеруге мүмкіндік береді. Біз топта пікірталас ұйымдастыра алмасақта , жаңа материалды оқып, тапсырмаларды орындау кезеңінде сөйлесе аламыз. Осы тұста дұрыс білім беру порталын таңдау керек немесе хабар алмасу, я болмаса чат арқылы сапалы кері байланыс құру, бұл ашық құжаттардың, вебинарлардың, желілік ресурстардың заманауи технологияларының көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту кезінде Интернеттің жетіспеушілігі жиі кездесіп жататын күрделі проблемалардың бірі . Бұл проблема ақпаратты қашықтықтан жеткізуге кедергі келтіретін өте күрделі мәселе. Баспа материалдарын, оқулықтарды және тапсырмаларды қолдана отырып материалдық зерттеу бойынша оқытуды ұйымдастыруларымызға тура келеді. Бұл тығырықтан оқытушы білім алушыға керісінше материалдарды жеткізу жүйесін нақты әзірлеу қажет

Қашықтықтан оқытуды аса күрделі процесс деп санамауымыз қажет, қазіргі заманның білім беру жүйесінің ресурстарының болуы ақпаратты жан-жақты зерттеуді ұйымдастыруда яки оның дамуын бақылауда керісінше оқытушының міндеттерін жеңілдетуге арналған. Тек дұрыс ақпарат материалдарын таңдап, білім алушылармен байланысын жоғалтпау өте маңызды, үнемі өз позицияңызды ұстанып, біліктілігіңізді дайым арттырып, ақпараттық технологияларды толық меңгере отырып, білімгерлерге бірге екендігіңізді және білім беру сіздің ортақ міндетіңіз екенін айқындап отыруды талап етеді. Қорыта келе айтарым тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы оқытушыларымызбен білім алушыларымыз әлемдік ақпараттармен танысуға, байланысуға, өз білімдерін қашықтықтан (онлайн) жалғастыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, дүние жүзілік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2013.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет. 38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Мектеп» № 11(6 бет)
4. Журнал «Информатика негіздері» № 1 – 2010 ж (11-14 б)